

*Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Мәмбетов Жолдасбек Ормаханұлы*

Қазақ прозасындағы ырғақ мәселесі

Қазақ қоғамында туған сан алуан прозалық туындыларды оқып отырып, авторларының әңгіме жазудағы өзіндік шеберлігін, көркемдік әдіс-тәсілдер мен сөз қолданудағы ешкімге ұқсамайтын даралылығын, сондай-ақ әңгімедегі ерекше ырғақты аңғарамыз. Демек, бұл жазушының өзіне ғана тән шығармашылық ерекшелігі деген сөз.

Прозадағы ырғақ қазіргі әдебиеттануда жаңалық емес. ХХ ғасыр басында прозада ырғақ бар деген орыс ғалымдарын ақылы ауысқандардың қатарына қосқан. Ал қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Орыс әдебиеттануы түгілі қазақ әдебиеттануында да ырғақ туралы біраз дүние жазылды. Бірақ сол ырғақты прозада неден іздеу керек дегенге келер болсақ, осы тұста зерттеушілердің көзқарастары бір жүйеге түсіп, тұрақтана қоймағанына көз жеткіземіз. Орыстың ХХ ғасырдағы әдебиеттанушы ғалымдары В.М.Жирмунский, Б.В.Томашевский, М.М.Бахтин, М.М.Гиршман сияқты белгілі ғалымдарымен қатар, қазіргі зерттеушілері С.В.Галанинская, М.В.Половнева, О.В.Черкезовалардың бұл мәселеге оқтын-оқтын айналып соғып отырғанының куәсі боламыз. Прозадағы ырғақ мәселесіне қазақ әдебиеттанушылары да қалам тартып жүр. Мысалы, филология ғылымдарының кандидаты А.Әбілев: «Ырғақтың көркем прозада стильдік ерекшелік элементі екендігіне дау жоқ, ол ғана емес-ау, тіпті біздің пайымымызша, ырғақ болмаған тұстан стильдік ерекшелік іздеудің қажеті де жоқ.

Бұл өз алдына үлкен әңгіме, ал уақыт және ырғақ байланысы дегенге келер болсақ, «осы ырғақ деген көркем прозадағы уақытқа тәуелді ме, әлде уақыт ырғаққа тәуелді ме?» деген сауалдар мен мұңдалап бой көрсетері анық. Егер, жазушы қолына қалам алып прозалық шығарма жазуға отырды десек, онда көптеген ғалымдар айтқандай, ең алдымен негізгі тонды, негізгі үнді іздері хак. Бұл дегеніңіз ырғаққа бару емес пе? Иә, бұл прозадағы ішкі ырғақты іздеу деген сөз. Олай болса прозалық шығармадағы уақыт сол ішкі ырғаққа қатысты жарыққа шығады екен. Бұдан шығатын қорытынды – егер ішкі ырғақ бұзылса, онда уақыт өлшемі де бұзылады, ал уақыт қалыптан тыс болса, онда ішкі ырғақ та бұзылады екен», – деген тұжырым жасайды. Ғалымның бұл пікірін де теріске шығара алмаймыз. Сол секілді басқа ғалымдардың да ырғақ туралы сан алуан ойлары бар. Бірі оны шығармадағы уақыт пен кеңістіктен іздесе, енді бірі прозадағы ырғақты өлең жүйесінің бірі ретінде танылған метрикалық сипатынан табуды жөн санайды. Әрине, әдебиеттану сөз өнері болғанымен оның құрамында ырғақтың, әуеннің бар екенін түйсігімізбен сезінеміз. Бірақ соның шынайы болмысы қандай, неден туындаған деген сұрақтарға толық жауапты әлі де болса тауып бере алмай келе жатқандаймыз. Прозада ырғақ бар екенін бүгінде бәріміз болмасақ та бірталай жұрт мойындап

қойды. Өйткені кез келген шығарманы белгілі бір ырғақпен, белгілі бір әуен жүйесіне салып айтатынымыз жасырын емес. Керек десеңіз, қолына қалам ұстамаған кез келген әңгімешінің өзіне ғана тән әңгіме айту машығы, өзіне ғана тән ырғағы бар екенін көз алдыңызға елестете аласыз. Поэзияда мынадай да түсінік бар, кей ақындар мойындағандай бірінші ырғағын тауып алып, сосын оны сөзбен толықтырады деген. Мұның да астарында аз да болса шындық жатуы әбден мүмкін. Ал ырғақ ол кез келген істің, ол мейлі шығармашылық болсын, мейлі қарапайым тұрмыстық болсын атқарылуының негізгі тетігі екенін көбіміз мойындағымыз да келмейді. Ырғақ біздіңше стильмен тікелей қатысты нәрсе. Стиль жүре қалыптасады дейміз. Ал алғашқы прозасын он тоғыз жасында жазған және алдында ешқандай да үлгі тұтар бір де бір қазақ тілінде жазылған прозалық шығарма болмаған Б.Майлиннің стилі сонда қалай қалыптасқан?

Жазушы көркем туындыны шынайы өмірде өз көзімен көрген не құлағы естіген жайлардан, оқиғалардан, құбылыстардан әсер алып жазады десек, әңгімелеуіндегі шеберлік, стиль, ырғақ оның өзіне ғана тән қасиет. Бейімбет Майлиннің әңгімелеу шеберлігі туралы Сәбит Мұқанов былай деген: «Бейімбеттің өз алдына өзгеше стилі бар. Оның стилінде ашық түсінік, ойлаулы сөз, дәлдік ұғым бар. Ол сөздің жазба түрде сұлулығын көп құрмайды. Оның тілі түсінуге жеңіл қара шаруаның тілі, кедейдің, батырақтың тілі». Қазақта кедей тілі, батырақ тілі деген болмаған. Бұл арада Сәбит Мұқанов таптық тұрғыдан келсе керек. Үстем тап, төменгі тап тілдерінің айырмасы капитализм дамыған, таптық жігі айқын көрінетін ағылшын, француз сияқты халықтарда байқалады. Ал, Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» повесіндегі жолаушының: «Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!» деп басталатын әңгімесін алайық. Біздіңше Бейімбет ең бірінші сол өзі жазатын әңгімесінің әдемі ырғағын тауып алған, сондықтан да ол бірден классикалық дүниені өмірге әкелді. Ырғақ ол біздің қазақта баяғыдан бар дүние. Әр ауылдың, әр рудың өздеріне белгілі әңгімешілері болған. Бейімбет солардан үйренген. М.Әуезовтің де үйренген мектебі сол дала абыздарының сөз саптау дәстүрі, солардың жас күндерінен құлақтарына сіңген ырғақтары дер едік.

Жазушылар бір қалыпқа құйып шығарған адамдар емес. Әркімнің өзінше ойы, өмірге деген өзінше көзқарасы, айналасындағы шындықты өзінше сезініп, өзінше түюі бар. Сондықтан әркім өзінше ойланып, өзінше жазады. Сөйтіп, әдебиетке шығармашылық өз ерекшеліктерін, өз стилін, өз ырғағын енгізеді. Қыры мен сыры көп көркемсөз өнерінде бірімен-бірі сабақтас, бірімен-бірі байланысты толып жатқан көкейтесті мәселелер бар және солардың бірі – сөз өнеріндегі ырғақ, ырғақ болғанда поэзиядағы ырғақ емес, қара сөзбен өрілген көркем прозадағы ырғақ. Қазақ әдебиеттану ғылымында поэзиядағы ырғақ мәселесі біршама зерттелгенмен, көркем прозадағы ырғақ мәселесіне қатысты зерттеу еңбектер жоқтың қасы.

«Ырғақ деген не? Ырғақ, яки ритм – қимылдың, құбылыстың, үннің, жүйелі, мерзімді, мөлшерлі қайталануы. Ырғақ – жасанды емес, табиғи нәрсе,

өнерге ғана емес, өмірдің өзіне де тән нәрсе, мезгілімен келіп, мерзімімен кетіп тұратын жаз бен қыс, көктем мен күз, күннің шығуы мен батуы, толқынның жағаға соғуы мен қайтуы, – Тютчевше айтсақ, мәңгілік тасу, тартылу – түп-түгел ырғақты құбылыстар», – дейді академик З.Қабдолов.

Адамның қимыл-қозғалысы, жүрек соғысы... – бәрі ырғақ. Ырғақ өнерге де қатысты, көркемөнердегі бейнелі, суретті, эмоциональды ұғымдар көңіл-күйден туындайды, олай болса көркем проза ырғақтан тыс болмауы тиіс.

Орыс прозасындағы ырғақ мәселесін зерттеуші М.М.Гиршман «...В свете этих предпосылок можно обратиться и к роли ритма в прозе. Очевидно, речь идет о прозе русской. Оговорка необходимая, ибо каждый язык в этом отношении своеобразен, и соответственно и ритм у каждого свой. В русском языке речь может и должны идти о ритме тоническом, то есть о чередовании слогов ударных и неударных...», – деген пікіріне сүйене отырып әр тілдің өзіндік ерекшелігіне орай проза ырғағының да ерекшелігі болатынын, яғни, орыс прозасының ырғағы тек орыс тіліне ғана тән екенін аңғаруға болады. Міне, осы пікір бізді қазақ прозасында да ырғақтар ұқсастығы болуы шарт деген ойға жетелейді.

Қазақ прозасына аса мол үлес қосқан, оның үлкен жанрларын дамытып, шеберлікте жетілуіне көп күш жұмсаған жазушы – Жүсіпбек Аймауытов еді. «Күнікейдің жазығы» повесі көлемі шағын болғанымен, ондағы өмір суреттерінің байлығымен, характерлердің алуан түрлілігімен, шындықты шынайы бейнелеу шеберлігімен, жазушы позициясының анықтығымен, сондай-ақ оқиғалар желісінің ырғақтылығымен Жүсіпбек шығармашылығынан елеулі орын алады. Бұл шығарманың тақырыбы – әйел тағдыры. Көшпелі қазақ ауылындағы қатардағы шаруа адамының тіршілігін сол ортадан шыққан әйел тағдыры арқылы бейнелейді. Шығармада автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Ырғаққа құрылған жолдар көптеп кездеседі. Мәселен, мына жолдарды өлең шумағына айналдырып көрейік:

Жаялықша жалпиған,
Жарқанатша қалқиған,
Жермен-жексен шым қора,
Бейнеуі жоқ сұм қора.
Шымқорада – жер үйде,
Желпіндірмес көр үйде,
Арса-арса болып сүйегі,
Қалақтай болып иегі,
Жаңқадай жоқ жақ еттен,
Саусақтары шілбиіп,
Көлеңкедей кілбиіп,
Бұ жатқан қай аруақ?
немесе,
Аһ, дариға, дариға!
Күнікей сау боп жүрер ме еді?
Қырдан тезек терер ме еді!

Қырдан қия кезер ме еді?

Шырқап әнге салар ма еді?

Әнге салса, әл бітіп,

Қапқа қары талар ма еді?, –

деп басталатын жолдар шын таланттың қаламынан туғаны байқалады. Поэзиядағы кәдімгі егіз ұйқасқа құрылған өлең жолдары. Кейіпкердің басына түскен ауыр халді, оның арман-мұңын суреттеуде жазушы бір-бірімен іштей үндесіп, ұйқасып келетін сөздер мен сөз тіркестерін қолданған. Осы жерде «Неге»? «Неліктен»? деген сұрақ туады. Жазба прозасы әлі толық қалыптасып үлгермеген ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы үшін мүмкін осылай жазу оқырманына түсініктірек болар деп ойлады ма екен? Әлде прозалық ырғақты бірден таба алмай өлең ырғағымен бастады ма екен? Бұған да күні бүгінге шейін толық жауап берген зерттеу еңбек жоқтың қасы. Жазушының өмір шындығын көркем бейнелеуінде тілдік-көркемдік құрылымның тұтаса жарасымдылық тауып, автордың не айтқысы келгеніне орай іс-әрекет пен қозғалыстың, бояу, айшық пен ой екпінінің өзгеруіне байланысты проза ырғағы да өзгеріп отыратынын аңғарамыз.

Алайда, идеяны, ойды жеткізуде кейде ырғақтар алмасуы немесе екі ырғақтың кезек-кезек көрінуі де болады. Бұл, әсіресе, ішкі сезімді, кейіпкердің ішкі әлемін ашуға көбірек көңіл бөлінген, осыны негізгі тірек етіп алған шығармаларда анығырақ, көбірек байқалады. Мәселен, «Күнікейдің жазығында»: «Көктем күні күледі, күліп еді – жер түледі. Түлегені емес пе ақ кебінін сыпырып, көк торғынға бөленді. Қызыл-жасыл, ақ-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, күркілдеген гүл-жапырақ, сағымданған күлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас жара салады» немесе «Қарлығаш екеш қарлығаш бір-біріне қайырылғыш, бірін-бірі сыйлағыш. Адамзатқа не болды? Күнікейден безгендей, Күнікей мәңгі өлгендей, суық топырақ көмгендей. Баласы қайда Күнікейдің, «апалап» бір уақ келетін? Жұбайы қайда Күнікейдің қияметтік жолдасы? Күнікей бүйтіп жатқанда, жастық қойып басына, қолынан сусын беретін? Ауылы қайда Күнікейдің, келіп-кетіп жүретін? Ауыл-аймақ, абысын, не жақыны-алысы, не тамыры-танысы, не алған серігі, жеті жылғы жолдасы – бәрі бірдей безгендей, Күнікей сонша не жазды?» – деп келетін автордың баяндауында поэтикалық ой орамы әр жолда ұйқасқа құрылған және ырғақтың кезек-кезек алмасуы кездеседі. Бұл әңгіме үзіндісі қаламгердің өз шығармашылығында ырғақтылыққа, ішкі үнге ерекше назар аударғанын аңғартады.

Орыс әдебиеттанушысы және психолог Ф.Зелинский өзінің «Көркем сөздің психологиясы мен ырғағы» («Ритмика и психология художественной речи») деген еңбегінде: «Біздің көркем сөйлеуіміздің ырғағын анықтайтын ішімізде құпия бір реттеуші бар, бірақ ол анықтаушының себеп-салдары туралы біз ойланып та көрген емеспіз», – деп жазады.

Қазақ жазушыларының туындыларында дәуірдің өзекті мәселелерін арқау етуі, жоғары жазушылық мәдениеттері, шығармаларының трагедиялық сипаты, адам жанына жіті назар аударуы ортақ болғанымен, әрқайсысы жеке алғанда жазатын тақырыптары, авторлық позициялары, стильдері жағынан

әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды, бірін-бірі қайталамайды. Әр суреткердің өзінің жеке көркемдік әлемі, дара шығармашылық тұжырымдары, қайталанбас стильдері бар.

Қазақ ертегілерінің басталуына да назар аударып көрелікші. «Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен». Осы сөздерді жай ғана бір деммен айта алмасыңыз хақ. Оны белгілі бір әуенмен, өзіне ғана тән ырғақпен айтасыз. Ол неге керек болған дегенге келер болсақ, ол ертегіні айтушының белгілі бір ырғаққа түсуі үшін керек болған деген тұжырым жасауға болады.

М.М. Гиршманның «Көркем проза ырғағы» атты зерттеуінде де проза ырғағының бар екендігі айтылады, дәлелденеді. Алайда, ол да, бұған дейінгі зерттеушілер еңбектері де проза ырғағы деген аса маңызды әрі күрделі мәселеге тек барлау жасағаны болмаса, оның бүкіл шығарманы тұтастырушы екендігін, сюжет пен композицияның іргетасы, көркем ойды жеткізудің кілті екенін, көркем әдебиеттегі стильдің қайнар бастауы екенін нақты дәлелдеп бере алмайды.

Жалпы ырғақ бұл өмірмен, заман ағымымен де тығыз байланысты мәселе деп ойлаймыз. Мысалы, тасқа қашалған түркі жазуларындағы ырғақ өзінше бір әлем, оны басқалармен шатастыру мүмкін емес.

Биікте көк тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.

Адам баласы үстіне атам тегім

Бумын қаған, Істемі қаған отырған.

Отырып, түркі халқының

Ел-жұртын қалыптастырған,

Иелік еткен, –

деп келетін сол дәуірге сай, өзіне ғана тән ырғақпен жырланады. Ал Жыраулар дәстүрі олардан шамалы өзгешелеу.

Бұдырайған екі шекелі,

Мұздай үлкен көбелі,

Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,

Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,

Айдаса қойдың көсемі,

Сөйлесе қызыл тілдің шешені, –

деген поэтикалық суреттілігімен, адуынды ырғағымен есте қалады.

Ал Абайдың ырғағы мүлде басқаша. Баяғы арынды ырғақ енді ойлылыққа, салқынқандылыққа ауысқандай әсер қалдырады. Халықтың бодандық күйін өлең ырғағынан-ақ тануға болатындай.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, –

деп келеді. Бұл жерде біз өлеңнің мазмұнынан гөрі оның оқылу ырғағына көбірек назар аударғанды қалар едік. Өйткені, Абай өз заманының ырғағын

дәл тапқан данышпан. Ал қазіргі қазақ қоғамындағы постмодернистер заман ырғағын таба алмағандықтан өз оқырмандарына түсініксіз болып отыр. Себебі ол капитализмді әбден меңгерген басқа халықтардың өмір сүру ырғағымен үндес келеді. Біз үшін жат, сондықтан да қарапайым оқырманның қабылдауы қиын.

Көркем әдебиеттегі ырғақ – өте күрделі мәселе, бұл бізге тек белгілі бір көркем туындыға ғана қатысты емес, суреткердің бүкіл шығармашылығына, оның шығармашылық даралығына қатысты зерттелуі, зерделенуі қажет сияқты көрінеді. Орыс көркем прозасындағы ырғақтың маңыздылығын айта келіп, М.М.Гиршманның: «Ритмическая многообразия прозы писателя связывают не только с ее близостью к «естественному» ритму языка, но и с неотрывностью ритма речи от движения изображаемых в словах предметно-изобразительных деталей, действию и действующих лиц, «рассказываемых событий», – деуі де бұл пікірді нығайта түседі. Мұндай жағдайда ырғақ мәселесі заман ағымына сәйкес суреткердің күллі іс-әрекетімен және өмір жолымен, шығармашылығымен, дүниетанымымен, өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланыста қаралуы тиіс.